

С.Ж. Жанжигитов*,
Б. Әбдуәлиұлы

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан
E-mail: syrym.g_96@mail.ru, Bekzhan_a7@mail.ru

Заң құжаттарының стилистика саласында зерттелуі

Аңдатпа. Заң мәтіндерінің қазақ тіл білімінде арнайы сөз болып, жеке өз алдына қарастырылып жатқан уақыты қазақ мемлекетінің өз алдына тәуелсіздік алып, қалыптасу уақытымен тұспа-тұс келіп отыр. Сондықтан заң құжаттарының тілін зерттеу, олардың ерекшеліктерін танытудың, ең алдымен, заң шығару үшін де маңызы өте зор. Заң шығарушы мемлекеттік органның заң құжаттарының тілдік құрылымын сақтап, олардың ішінде басы артық сөз кетіп қалмауын қатаң қадағалау басты назарда болу тиіс.

Мақаланың мақсаты мен міндеті – заң мәтіндерінің қазақ тіл білімі тұрғысынан зерттелуін қарастыру, заң мәтіндерінің жалпы құрылымының теориялық және әдістемелік негіздерін анықтау, аудармадағы баламалық мәселелерді талқылау болып табылады. Мақала жазу барысында ресми іс-қағаздар стилінің барлық талаптары заң мәтінінен толықтай табылып, заң құрылымындағы ақпараттық, прагматикалық, танымдық қызмет талданып көрсетілді. Бұл мақаланың негізгі ғылыми жаңалығы. Бұл мақаланың теориялық және практикалық маңызы бар, себебі ұсынылған тұжырымдама заң бағытында оқитын білім алушылар үшін құнды ақпарат. Мамандықты толық меңгеру үшін арнайы ұғымдар, яғни терминдер деп аталатын лексикалық бірліктерді білу және дұрыс қолдану қажет екенін тағы бір рет атап өту қажет.

Құқық терминологиясы мысалында қарастырылған салалық терминологияны зерттеудің жүйелі тәсілі оқыту процесін оңтайландыруға алып келеді. Терминдердің лексикалық және ұғымдық сәйкестігі, олардың өзара байланысуы мен бір-біріне тәуелділігі терминологияны арнайы ұғымдар жүйесінің өзіндік тілдік негізі ретінде қызмет ететін тұтас терминологиялық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде ғылыми білімнің жүйелілігін көрсетеді.

Түйін сөздер: құқық, лексика, стиль, термин, терминология, заңнама, сөздік, нұсқа, аударма.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-39-52>

Кіріспе. Қазақ тіл біліміндегі іргелі зерттеулер жүргізуді талап ететін саланың бірі – стилистика. Зерттеу жұмыстары ертеректен басталса да, тіліміздің алдына қойылып отырған жаңа талаптар мен міндеттер аясында жаңа бағыттағы ізденістерге деген қажеттіліктің туындап отырғаны белгілі. Стилистика саласының жан-жақтылығы оны тіл білімінің басқа салаларымен ұштастыра зерттеуге әкеледі.

Мақаланың мақсаты мен міндеті – заң әтіндерінің қазақ тіл білімі тұрғысынан зерттелуін қарастыру, заң мәтіндерінің жалпы құрылымының теориялық және әдістемелік негіздерін анықтау, аудармадағы баламалық мәселелерді талқылау болып табылады.

Стилистика саласының теориялық негіздері қазіргі кездері нақтыланып, бұл салада ғалымдар жақсы жетістіктерге жетуде. Ең алдымен Мәулен Балақаев, Ербол

Жанпейісов, Мархабат Томанов сияқты ғалымдардың авторлығымен «Қазақ тілінің стилистикасы» деп аталатын еңбек жарық көрген болатын. Одан кейін бұл оқулық жетілдіріліп, тағы бірнеше рет басылып шықты. Стилистика туралы мәліметтер жинақтала келе, басқадай еңбектердің тууына себеп болды. Ғалым, профессор Мырзатай Серғалиевтің «Стилистика негіздері» деген еңбегі жарық көрді. Филология ғылымдарының докторы Дина Әлкебаева «Прагмастистика» оқу құралын жарыққа шығарды.

Алайда осы аралықта стилистика саласы толық зерттелді, оның қарастыруға тиісті барлық нысандары қарастырылды деп айта аламыз ба?! Бұл мәселенің мәнін ашып алуда ғалым Дүйсембаев Аян былай дейді: «Тіл білімінің бір саласы ретінде стилистиканың қалыптаса бастағанына да біршама уақыт өтіп кетті. Дегенмен, стилистиканың қазақ тіл біліміндегі әлі де жас салалардың қатарына жататындығын мойындауымыз қажет. Оған тіліміздегі кейбір маңызды болып есептелетін мәтіндердің өзінің әлі күнге дейін тілдік, стилистикалық тұрғыдан арнайы зерттеу нысанына айналмай отырғандығы дәлел. Шындығына келсек, қазіргі кезде қазақ тіл біліміндегі стилистикалық зерттеулер негізінен әдеби шығармалардың тілі мен баспасөз тілін зерттеу шеңберінен шыға алмай жүргендігі де шындық екенін жасырмауымыз керек. Дегенмен стилистикалық еңбектерге қатысты пікірлер А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алды десек те болады» [1, 19].

Заң кодекстеріміздің күнделікті тұрмысымызда қолданылып жүрген, әртүрлі тұлғалар мен мекемелердің түрлі жағдайдағы құқықтарын қорғап, қылмыстық іс әрекеттерін айыптайтын маңызды мәтін екендігін түсіндірудің қажеті жоқ. Сондай мәтіндердің ішіндегі маңыздыларының бірі – заң мәтіндері. Оның үстіне, соңғы жылдары заң жүйесі заң шығару ісіне, сол арқылы заңдық қоғам құруға түбегейлі бетбұрыс жасағандығын аңғаруға болады.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарынан қазақ әдеби тілінің әр стильдік жүйесінің: публицистикалық стильдің, көркем әдебиет стилінің, ресми стильдің, ғылыми стильдің сараланып, жеке-жеке қалыптасып, дами бастағаны әдеби тіл тарихынан белгілі. Сонау XVIII ғ. II жартысында негізі қаланған ресми-іскери стиль бүгінде тілі байып, стильдік дәрежесі жетіле түсті, зерттеу

нысанына алынып, ғылыми тұрғыдан біршама игерілуде. Ресми-іскери стиль, оның қалыптасу тарихына қатысты ойтұжырымдар І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Б. Әбілқасымов, Н. Ерғазиева, А. Алдашева, З. Ахметжанова, Қ. Қадашева, Э. Сүлейменова, С. Ережепова, Л. Дүйсембекова, Б. Әбілмәжінова, А. Дуанбекова, т.б. ғалымдар еңбектерінде негізделіп қарастырылды.

Ресми-іскерлік стиль өзге жазба стильдерге қарағанда, ертерек қалыптасты. Оның басты себебі – ол мемлекет өмірінің негізгі санаттарында (сыртқы қарым-қатынас, жеке меншікті бекіту, сауда т. б.) қызмет етті. Келісім-шарт, заңдар, қарыз, мұрагерлік және тағы басқа жазбалар жаңа, ерекше «тілді» қалыптастырды. Ол даму, қалыптасу барысында бірқатар өзгерістерге ұшырағанымен, өзінің негізгі белгілерін сақтап қалды. Академик Рәбиға Сыздық қазақ жазба әдеби тілінің ұлттық кезеңіне дейін ресми іс-қағаздар стилі және эпистолярлық (хат-хабарлар) стилі болғанын айта келіп:

«Хан жарлықтары, өзге елдермен арадағы қарым-қатынас қағаздары, тарихи шежірелер сияқты жазба дүниелердің қажетін ортаазиялық түркі әдеби дәстүрлеріне негізделген қазақтың ескі әдеби тілі өтеп отырды. Қазақ хандарының канцеляриясы ресми хат-хабарларын, іс-қағаздарын, үкім-жарлықтарын осы тілде жүргізді» – деп жазады [2, 147].

Материалдар мен зерттеу әдістері. Тақырыпты зерттеу барысында ресми-іскери стиль төңірегіндегі ғылыми пікірлерді зерделеу мен қорыту, тілдік фактілерді іріктеу, салыстырмалы талдау, лексикалық түсіндірмелі талдау әдістері қолданылды.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік маңызға ие заңдық құжаттарды зерттеу – бүгінгі күн талабынан туып отырған мәселе. Заңдық құжаттардың қолданылмайтын жері жоқ. Елдегі саяси-әлеуметтік жағдайларды реттеп, бекітіп отыру үшін оның қажеттігі шексіз. Заң шығарушы орган – аса әлеуетті құрылым болып есептеледі. Тілдік тұрғыда қарастырылғанына қарай заңдық құжаттар функционалдық стильдік топтарға кіреді. Біз енді функционалдық стильдерге біршама үңіліп, зерттелу дәрежесіне мән бермекпіз.

Функционалдық стиль – ең көлемді жалпы категория. Ол көптеген салаларға бөлініп кетеді. Мәселен, соттағы ақталушының,

яғни адвокаттың сөзі, ғылыми мәжіліс, өлең жолдары, мәлімдеме т.б. – барлығының мазмұны әртүрлі, стильдік міндеттері әр бөлек. Сондықтан тілдің формасы, берілу мүмкіндіктері бір-бірінен ажыратылады. Тілдік жанрлардың барлық түрінің басын біріктіретін ортақ міндеті (функциясы) бар. Тілдің өмір сүру стадиясы әдетте қарым-қатынас құралынан көрінеді. Тілдің өмір сүру аумағы түрлі қоғамдық қажеттіліктерді өтеу барысында айқындала түседі. Яғни тілдік функциялары – сөйлеу, өзара түсінісуден бастап, қажеттілік түрлері, басқа адамдармен тіпті мемлекетаралық шарт жасасудан – ресми тіл, айналаны танып-білуден – ғылым тілі, үгіт-насихат істері нәтижесінде коммуникативті газет – публицистика тілі, эстетикалық өнер түрлерінен – көркем әдебиет тілі қалыптасқан. Осыларға қызмет ететін тілден ерекше қасиеттерді, мәселен, дәлдік, қысқалылық, бейнелілік тәрізді функцияларды талап етеді. Уақыт өте келе қоғамдық қажеттіліктерге тіл өз тарапынан сараланған, қалыптасқан функционалдық стиль түрлерін жұмсайды» [3, 28].

Тақырыптың зерттелу дәрежесі.

Лингвистикалық әлеуметтануға қатысты функционалдық стиль ұғымы қоғамдық тұрғыдан танылған, мойындалған тілдік құралдардың шоғырлануына негізделеді.

Әдеби тілдің функционалдық стильдерін бір-бірінен ажыратып көрсететін нақты белгілердің болатындығы анық. Әрбір функционалдық стильдің өзіне ғана тән дифференциалдық белгілері бар, олардың бірқатары жетекші, екіншілері қосалқы немесе ауыспалы белгі болуы мүмкін.

«Кітаби – жазба стильдердің бір-бірінен ажыратылып бөліне бастауы қоғамдық ой сананың жоғарылығынан болады. Неғұрлым қоғамдық ой жоғары болса, соғұрлым ұлт тілінің маңызы артады...» [4, 21].

Функционалдық стильдің құрамындағы ресми – іс, публицистикалық, көркем әдебиет стилі қызметтік жағынан ерекшеленетін тілдік стильдер. Функционалдық стильдің салаларының ғылыми стиль түрлері деп те бөлінетіні бар. Ғылыми тілдің өзінің саласы бар: термин таңдаудағы қаталдығы ойдың екі жақты болып кетпеуінен қатты сақтанады. Қазақ тілінде функционалдық стиль қалыптасқан кезден бастап, қазіргі қазақ әдеби тіліндегі функционалдық стиль құрамы туралы мәселе теориялық және практикалық түрде жетілдірілді.

Функционалдық стильдердің ғылыми бағытта қалыптасуы ХХ ғасырдан басталады. Қазіргі тіл біліміндегі функционалдық стильдің негізі 20-50 жылдары қаланған. ХХ ғасырдың әр кезеңдерінде бұл салада В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Б.А. Ларина, А.М. Пешковский, Л.П. Якубинский, Л.В. Щерба, Д.Н. Шмелева еңбек етті.

Жеке функционалдық стильдерді сипаттауға арналған қазақ тілінде көптеген зерттеулердің болғанына қарамастан, бүгінгі күнге дейін функционалдық стильдердің түрлері жайындағы таласты пікірлер басы ашық күйінде қалып келеді. Сондықтан функционалдық стильдердің құрамы туралы мәселе әлі нақтыланбай келеді [2, 192]. Дегенмен қазақ тілінде мынадай функционалдық стильдердің бар екені күмәнсіз шындық, олар:

- 1) ресми іс-қағаздар немесе кеңсе тілі стилі;
- 2) публицистикалық стиль (газет-журнал тілінің стилі);
- 3) ғылыми-техникалық әдебиет стилі;
- 4) оқу-педагогикалық әдебиет стилі;
- 5) көркем әдебиет тілі стилі [5, 255].

Функционалдық стиль жайлы В.В. Виноградовтың және басқа да зерттеушілердің анықтамаларына сүйене отырып, жалпыхалықтық қазақ тілінде саяси функционалдық стиль және заңдық-құжаттық функционалдық стиль деп жаңа стильдерді бөліп шығаруға болады деп есептейміз. Себебі, қазіргі кездегі экстралингвистикалық факторларға сәйкес әр салаларға қатысты функционалдық стильдердің жаңа түрлері сараланып шығып, олар өзіндік жеке атауларға ие болуда. Жоғарыда аталған академик В.В. Виноградов маркетингтік функционалдық стиль деген категорияны бөліп алып қарастырған болатын.

В.В. Виноградов функционалды стилді «санада жалпыланған, функционалдық жағынан негізделген, қолданылу жолдарының тұтастығы іштей біріктірілген, жалпыхалықтық, жалпыұлттық тілдің өзіндік немесе басқа формалар аясындағы сөйлеу қарым-қатынасына байланысты таңдап алынуы және тіркесуі» деп анықтайды [6, 73]. Сонымен бірге ғалымның осы тұрғыдағы, функционалдық стилдерде көп ұшырасатын клишелер мәселесіне берген анықтамасы да назар аударуға тұрарлық: «Қазіргі әдеби тілдің жүйесінде сөздер көбіне еркін кездейсоқ іліккен жеке компоненттерден

емес, дәстүрлі формулаларда шартты орын алады, адамдардың көпшілігі дайын формулалардың, клишелердің көмегімен сөйлейді және жазады» [7,162].

Біздің көзқарасымыз бойынша, тілдің функционалдық әр түрлілігінің лингвистикалық сипаттамасының мазмұны экстралингвистикалық, яғни тілдің қоғамдық көрінісі маңызды орын алатын жағдайлардан алшақтап кете алмайды. Функционалдық қалыптасу мен функционалдық аяқталу тілдің өмір сүру формасының айрылуы үшін қызмет етеді, В.Д. Боңдалетов тілдік стилистикалық жіктелу шартына, бірінші кезекте, әлеуметтік факторды, стильдердің міндеті мен олардың қызмет ету жағдайын қатыстырады. Олар тілдің мынадай функционалдық өзгешеліктерге бөлінуінің негізі болып табылады, мысалы: жеке лингвистикалық белгілерге қатысты:

1) ортақ ұжым тарапынан таңдалып, топтастырылып алынған арнаулы лексикалық, семантикалық, грамматикалық құралдар;

2) функционалдық стилдер шегіндегі стилистикалық нормалардың болуы;

3) қандай да бір мөлшерде жалпы сөйлеу іс-тәжірибесінде анықталған функцияларды жүзеге асыру;

4) функционалдық құралдардың болуы (лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) [8, 89].

Тілдік стильдер өзінше ерекшеленетін және сонымен қатар олардың кейбірінің басқа стильдерде де қолданылатын белгілердің жиынтығымен сипатталады. Қазіргі әдеби тіліміздегі өзіндік дербес стилистикалық-функционалдық ерекшеліктерімен қатар басқа стильдермен ортақ белгілері де бар стильдің бір түрі – ресми-іскери стиль. Ол қоғамдық әрекеттегі әкімшілік-құқықтық қатынастарды қамтамасыз етіп, заң, бұйрық, жарлық, өкім, жарғылар, келісімдер, кесімдер мәтіндерінде, түрлі құжаттарда (анықтамалар, куәліктер, сенімхаттар және басқалар), мекемелердің іскерлік хат алмасуларында қолданылады. Орыс тілінде «официально-деловой стиль» деген терминге ие бұл стиль қазіргі қазақ тіл білімінде түрліше атаулармен беріліп жүр: іс-қағаздары стилі мен ресми стиль, кітаби-жазбаша стиль (іс-қағаздары мен ресми құжаттар), ресми стиль, ресми-іскерлік стиль.

Мемлекеттік мекемелердің қаулылары, шешімдері, өкімдері, кәсіпорындар мен түрлі қоғамдық ұйымдардың кез келген құжаттары ресми стильдің талаптарына сәйкес жасалады.

Бұл стиль, сондай-ақ қаржылық және материалдық құндылықтардың есебін, еңбек, өндіріс пен сауда саласындағы қатынастардағы өзара міндеттемелерді де қамтиды. Ресми-іскери стиль басқару саласына қызмет етеді. Бұл – мемлекеттің өз азаматтарымен қатынасы немесе өздері белгілеген ресми құқықтар мен міндеттемелерге негізделген

«лауазымдардың қатынастары» [9, 58]. Ол тілден біркелкі атаулар мен сөйлеудің дәлдігін, мағыналардың абстракциялануын, сөйлеудің бұлтартпау мен хабарлау міндеттемелерін, толық объективтілікті, эмоциясыздықты, жанама императивтілікті талап етеді.

Бұл сөйлеудің тек жазбаша формасының басымдығы мен оның салдарынан туындайтын ерекше іскерлік терминдерді кең қолданудан, сөйлеу құрылысындағы талдаудың үстемдегінен, логикалық синтаксисінің күрделілігінен, сөйлеудің стандарттылығының белсенділігінен және т.б. белгілерінен көрінеді.

Қазіргі кезде мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде мемлекеттік тілдің қолданылу аясының кеңейіп, іс жүргізу үлгілері қалыптасып, мемлекеттік тілдегі құжат айналымының біршама өсіп келе жатқаны байқалады. Дегенмен, бұл үрдіс бір күнде пайда бола қойған жоқ, ол бірнеше ғасырдан астам уақыт даму, қалыптасу тарихын бастан кешірді. Қазақ тіліндегі ресми-іскери стильдің жетілу процесін бірнеше кезеңге бөлуге болады.

I кезең. Тіліміздегі ресми-іскери стильдер өз бастауын XVII ғасырдағы қазақтың хан, сұлтан, билердің орыс империясы мен басқа да көрші мемлекеттердің әкімшілік орындарына және бір-біріне жазысқан әрқилы сипаттағы қағаздары мен хаттарынан алады.

Бұлар көбіне өтіну, ескерту, мәлімет беру сияқты құжаттар мен хаттар болып табылады. Тіл жағынан алғанда, бұл құжаттар арнаулы кеңсе тілінің үлгілеріне жатады. Мұнда татар тілінің элементтері басым болып, Орта Азия тілдеріне тән архаизмдер мен арабизмдер кең қолданылады. Аталмыш құжаттардағы сөздердің басым бөлігі қазақ тілінікі емес, онда ортаазиялық әдеби тіл мен татар тілінің элементтері қамтылады. Грамматикалық формалар да ортағасырлық түркі жазба тілдерінің нормаларына тән. Сондай-ақ бұл құжаттардағы тағы бір стильдік белгі – әрбір сатыдағы әкімдерді дәріптеп атайтын тұрақты эпитеттердің қолданылуы шарт болды.

II кезең. XIX ғасырдың II-жартысында қазақша ресми-іскери стиль тілдік, стильдік

жағынан біршама тұрақталып, өз алдына жеке дербес стиль болып қалыптасты. Ол бұрынғы ресми құжаттар мен ресми хат-хабарлар тілінің негізінде дамыды. Біраз өзгерістерге ұшырап стильдік жағынан жетіді. Ең алдымен, бұл стильді көрсететін үлгілердің түрлері мен адресаттары өзгерді. Бұрын сөз болып отырған жанр материалдары, негізінен, ресми хаттар, арыздар, шағымдар және патша өкіметі тарапынан жергілікті билеушілерге жіберілген бұйрықтар түрінде болса, енді бұл аталғандармен қатар, патша өкіметі тарапынан жазылған бұйрық-жарлық, нұсқау, ереже, үндеу сияқты іс-қағаздар үлгілері көбейе түсті және олардың барлығы дерлік аударма болып келеді. Бұл ресми қағаздардың бірқатары хан, аға сұлтан сияқты жеке адамдарға емес, көпшілікке арналған мазмұнда болып келгендіктен, олар мерзімді баспасөз бетінде немесе жеке басылым болып жарияланатын болды. Осы бағытта сол кезде шығып тұрған «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газеті» сияқты бұқаралық ақпарат құралдары ерекше рөл атқарады.

Академик Р.Ф.Сыздықова осы кездегі ресми және іс-қағаздар стиліндегі материалдарды мазмұны мен адресаттарына қарай бірнеше топқа жіктейді. Ең алдымен, патша үкіметі (ең жоғарғы органнан бастап жергілікті әкімшіліктерге дейін) тарапынан жазылған бұйрық-жарлықтар (указы, распоряжения, приказы), ережелер (положения), екінші топты заң, сот істеріне байланысты ереже, бұйрық, анықтама т.б. құрайды. Үшінші топта ресми орындарға жеке адамдар жазған арыз, хабарлау сияқты материалдар қаралуға тиіс [2, 245].

III кезең. ХХ ғасырдың басында қазақ мерзімді баспасөз құралдарының дамуына байланысты ресми-іскери стиль лексикасы, орфографиясы, морфологиялық құрылымы жағынан нормаланып, жетіле түсті. Дегенмен ортағасырлық түркілік элементтер әлі де болса негізгі қызмет атқарып келді. Тек Қазан төңкерісінен кейін ғана қазақ тілінде іс-жүргізу ісі қолға алынып, тіл тазалығы үшін үлкен күрес басталды.

1923 ж. 22 қарашасындағы Орынборда жарияланған «Тіл туралы» декретте қазақ, орыс тілдеріне бірдей мемлекеттік тіл мәртебесі берілді. Қоғам қайраткері С. Оразалинов: «Осы бір баптың кейіннен қазақ тілінің өрісін тарылтып, маңдайына сор болып жабысқанын», – ашына жазады [10, 17].

IV кезең. 1957 ж. ҚазССР Министрлер Кеңесі қазақ тілінде іс жүргізу жөнінде тағы да Қаулы қабылдайды. Бұл іс те әуелде қызу қолға алынады да, кейіннен бәсең тартып, жетпісінші-сексенінші жылдары мүлдем тоқталып қалады. Оған қатал жүйе жүргізген, бұра тартқан солақай саясаттың ықпалы тимей қалмағаны анық.

V кезең. Міне, осындай ұзақ жылдарғы қара түнектен кейін қазақ тіліне деген жарық сәуле алғаш рет 1989 ж. түсті. Осы жылы 22 қыркүйекте «ҚазССР-індегі Тілдер туралы Заң» қабылданды. Көптеген айтыстардан, ұлтжанды азаматтарымыздың табанды талабынан кейін осы Заңда «Қазақ тілі – ҚазССР-нің мемлекеттік тілі» болып жарияланды. Бұл – ұлт жанашырлары мен халықтың сол кезеңдегі саяси-әкімшілік, психологиялық-моральдік жағынан үлкен жетістігі мен жеңісі және ірі қуанышы еді.

Алайда бұл Заңда қазақ тіліне ресми мемлекеттік тіл мәртебесі берілгенмен, оны қолдануды жақсарту мен дамытудың нақты тетіктері көрсетілмеді. Билік тарапынан ана тіліміздеген көзқараспен қамқорлық өзгеріп, тұтасқан сең бұзылғанмен, мемлекеттік тілдің қолданылу аясы әлі де көп шектеулі еді. Жазушы С. Оразалиновтің сөзімен айтсақ, бұл заң «тілдердің сіңісуі жөніндегі солақай саясатқа біржола нүкте қойған және Қазақстанда тұратын барша халықтар тілінің тең дамуына бағдар түзген заң болды. Бірақ ол тілдерді дамыту шараларының қалай жүзеге асырылу керектігінің келешек жолдарын толық айқындай алмады» [10, 21].

VI кезең. Осылайша шеттетіліп, қолданылуы жағынан шектеліп қалған тілімізге 1989 жылы мемлекеттік тіл мәртебесі берілгенмен, ана тіліміздің еңсесінің көтеріліп, мемлекетіміздің төріне шыққаны тек еліміздің тәуелсіздік алғанынан кейін болды. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретінде дамуы мен нығаюына бағытталған көптеген ресми құжаттар қабылданды. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңның 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс-қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы», – деп, ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі құқықтық тұрғыдан толық негізделген [11, 27 б.].

Ресми-іскери стиль жанрлық жағынан да сан қырлы. Орыс тіл білімінде кейбір авторлар оны атқаратын қызметі мен мазмұнына қарай үш топқа жіктейді: заңнамалық (заңдар, жарлықтар, қылмыстық және азаматтық актілер, жарғылар, т.б.), дипломатиялық (нота, меморандум, коммюнике, конвенция, халықаралық келісімдер), әкімшілік-кеңселік (кесімдер, өкімдер, бұйрықтар, өтініштер, өмірбаяндар, т.б.) [6, 169-б.], екінші бір ғалымдар тақырыбы мен жанрларының әркелкілігін ескере отырып, оны екі түрге жіктейді: ресми-құжаттық стиль, күнделікті-іскерлік. Біріншісіне мемлекеттік органдардың қызметімен байланысты заң құжаттары мен халықаралық қатынаспен байланысты дипломатиялық актілердің тілі жатады. Күнделікті-іскерлік стильге мазмұны мен жанры және тілдік құралдардың қолданылуына қарай, бір жағынан, мекемелер мен ұйымдардың арасындағы хат алмасуларды, екінші жағынан жеке іскерлік құжаттарды жатқызады [12, 33]. Қазақ тіл білімінде Д. Әлкебаева ресми-іскери стильді төрт жанрға жіктейді: заңнамалық (заң, қаулы, нормативті акт, ереже, т.б.), құқықтық (сот ережелері, айыптау хаттамалары, тінту, т.б.), әкімшілік (ереже, бұйрық, нұсқау, қызметтік хаттар, т.б.), дипломатиялық (келісім шарт, нота, конвенция, коммюнике, т.б.) [13, 86].

Ғалым Л. Дүйсембекова ресми-іскери стилінің жанрларының төмендегідей ерекшеліктерін көрсетеді:

- 1) ресми сипаты;
- 2) құжатты шығарушы немесе жазушы сипатының көрінуі;
- 3) құжат жанрының ресми қатынас жағдайына сәйкес болуы;
- 4) істің нақты жағдайының көрініс беруі немесе бейнеленуі;
- 5) мәліметтің сипатына, мазмұнына форманың тәуелді болуы
- 6) құжаттың аты;
- 7) мәтіннің құрылымдық-композициялық бөліктері;
- 8) құжаттың авторы мен адресаты;
- 9) мәтіндегі мағыналық бірліктердің қолданылуы мен орналасуының құжат мазмұнына тікелей тәуелді болуы;

10) шешілетін мәселе ауқымының шектеуділігі;

11) стандарт тілдік бірліктердің қолданылуы;

12) құрылым тұрақтылығы;

13) ойды жеткізу үшін белгілі бір тілдік бірліктер жиынтығының ғана қолданылуы;

14) прагматикасы;

15) әр құжат типінің жанр ерекшелігін көрсетуі [14, 101].

Талдау. XX ғасырдың соңғы жылдарында қоғамымыз заң тілінің қалыптасуына әртүрлі себептермен әсер етіп, көптеген заң жобаларының өмірге келуіне түрткі болды. Дербес мемлекет болғаннан бері соңғы уақыттарда Қазақстан да осы жағдайды басынан кешіріп отыр. Қазір Қазақстанда жаңа заң жобалары бойынша жұмыс істеліп отырғандығы белгілі. Дегенмен, мемлекетте пайда болған әр заң жобасының өзгеруінің белгілі бір объективті себептері де жоқ емес. Реті келгенде, аталған бұл себептерге де тоқталып өтуге болады.

Соңғы кезеңдердегі Одақтан бөлініп шыққан мемлекеттердің өз Ата заңдарын қалыптастыру бағытындағы ізденістері Қазақстанды да айналып өтпеді. Тәуелсіздік алғаннан бергі соңғы он жыл ішінде басқа ТМД мемлекеттері немесе басқа да шет мемлекеттері сияқты Қазақстан да өз ата заңын жасап, оны мемлекеттің ішкі ерекшеліктеріне, қоғамның құрылым мен құрылысына сәйкестендіруге ұмтылады. Неғұрлым қоғамымыздың игілігіне қызмет ете алтындай өміршең заң жасауды көздеді. Бұл жағдай заң жүйесіндегі істердің қарқынды жүргізілуіне итермелегені күмәнсіз.

Кеңестік Одақтан бөлініп шыққан жас мемлекеттердің ішкі қатынастары мен сыртқы қатынастарын заң арқылы реттеп, басқарып отыру қажеттілігі туындады. Ал жаңа мемлекетті ескі жүйесі бойынша басқару мүмкін емес болатын. Уақыт ағымы өз даму үрдісінде жаңа заңдарды, басқа формадағы қоғамдық қатынастарды талап етті.

Бұған дейінгі басқа империяның қол астында болған кездегі, басқа уақыттағы жұмыс істеген заңдар жарамсыз болып қалды. Жетпіс жыл бойы өмір сүрген басқа елдердің қоғамдық орталарымен салыстырғанда дүние жүзілік даму үрдісінен өзіндік бөлектеніп тұратын ерекшеліктері бар, партиялық билікке бейімделген кеңес заңдары дамудың басқа кезеңінде пайда болғандықтан жас мемлекетке қызмет ете алмауы заңдылық

еді. Осы тұрғыдан мемлекеттегі заңдарды өзгерту күн тәртібіндегі бірінші кезекте тұрған мәселе болды. «Қазақстан-2030» даму бағдарламасында көрсетілгендей, еліміздің тілдік мүмкіндігін де дәлелдеу басты міндеттердің бірі. Бұл үшін ұлт тілінде дұрыс заң тілін қалыптастыру қажет екендігі сөзсіз.

Соңғы кезеңдегі тарихи әдеби шығармалардың тілі болмаса, басқа мәтіндер тілін зерттеген тілдік еңбекті кездестіре қою қиын. Стилистикалық тұрғыдан зерттеп, арнайы қарастыруды қажет ететін тілдік мәтіндердің түрлері жоқ емес, баршылық. Олардың әрқайсысының тілдік, мәтіндік ерекшеліктері бар екендігі шындық. Десек те, солардың өзі осы уақытқа дейін қазақ тіл білімінде тілдік тұрғыдан стилистиканың нысанына ілінбей, қарастырылмай келді.

Заң тілін зерттеу көршілес орыс тіл білімінде әлдеқашан қолға алынғандығына Н.А. Власенко, С.С. Алексеев, И. Грязин, А.С. Пиголкин, С.А. Боголюбов сияқты басқа да орыс ғалымдарының зерттеулері дәлел бола алады.

Қазақ терминологиясының термин жасауда жақсы тәжірибесі бар. Бұның бір дәлелі ретінде біздің алғашқы тілші-ғалымдарымыздың терминологиялық мұрасы алынады. Олардың еңбектері шынайы терминжасамның үлгісі болып табылады. Сондықтан да заң терминдерін жасауда заңгерлер, ең алдымен, қазіргі қазақ терминолог-ғалымдардың тәжірибелеріне және қазақ терминологиясы саласындағы алғашқы зерттеушілер еңбектеріне сүйенуі керек. Тек осындай әрекет арқылы ғана, өткен жылдар тәжірибесін ескере отырып, терминолог-ғалымдардың ұсыныстары мен кеңестерін назарға ала отырып, ортақ терминологиялық жүйенің, соның ішінде заңға қатысты терминдердің қалыптасуына жағдай жасай алады.

Қазіргі уақытта салалық терминологияны ұлттық сөздермен анықтаудың тенденциясы жүріп жатыр. Заң саласындағы заң терминдерін сапалы түрде аударумен тілшілер, заңгерлер, аудармашылар айналысып жүр. Дегенмен, бұл салада да кездесетін қателіктер мен кемшіліктер аз емес. Халықаралық заң терминдерінің қазақ тілінде баламалары болмағандықтан, олардың орнына басқа да мағынада қолданылатын мағыналас сөздерді алады. Бұған Е.Сафуанидің сөзі нақты дәлел болмақ: «Заң мәтінінде «функция» деген сөз жиі

кездеседі. Заңымыз барынша қазақша болсын деген оймен сөйлемнің мағынасына қарай бірде «қызмет», бірде «міндет» деп аударып жүрміз. Ал кейде сөйлемде «деятельность», «задача», «функция» деген сөздер қатар келіп қалғанда бұрын «қызмет», «міндет» деп жазып келген сөзімізді амалсыздан «функция» деп жазуға мәжбүр боламыз» [15, 160]. Аудармадағы мұндай жағдайларды басқа да кәсіби іс-әрекет саласындағы сияқты заң құжаттарын аударуда да мүлдем жіберуге болмайды. Бұл ұғымдардың түсініксіздігі мен құжат мазмұнының бұзылуына әкеп соғады. Осының нәтижесінде азаматтар арнайы заң білімдері болмағандықтан, қате ақпараттарды қабылдайды.

М.Айымбетов мақаласында кодекстерді қазақ тіліне аударудағы жіберілген көптеген қателіктерді атап көрсетеді. Заңгер Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексі жобасы мәтінінің аудармасын редакциялаған кезде, ешқандай сын көтермейтін заң терминдері аудармасын кездестіргенін айтады. Мысалы, кодексте «показания» термині «жауап» сөзімен (дұрысы – «айғақ»), «срок давности» тіркесі «ескілік мерзімі» (дұрысы – «ескіру мерзімі») деп аударылған. Мұндай мысалдарды М.Айымбетов көптеп келтіреді. «Осы жобаның тағы бір тұстарында «подозреваемый» термині біресе «күдікті», біресе «сезікті» деп ала-құла аударылады». Аудармашы «сезікті» деген дұрыс баламасына тоқтағысы келмей, «күдіктіні» қоса қолданады», – дейді М.Айымбетов [16, 48]. Мақала авторы бұл тәріздес ала-құлалық басқа да заң құжаттарында кездесетіндігін айтады. Мысалы, азаматтық кодексте (1999 ж.) «недвижимое имущество» тіркесі «қозғалмайтын мүлік» деп аударылса, басқа заңдарда, соның ішінде «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» заңында «жылжымайтын» терминімен көрсетілген. Автор қай терминді негізге алу қажеттігін сұрайды. Бұл тәріздес сұрақтар әлі де көптеген заңгерлер арасында көп талас тудырады [16, 89].

Аудармашы М.Ізімұлы заң терминдерін аударудың стильдік жағына назар аударады: «... біздің сөздік жасаушыларымыздың ең үлкен кемшілігі – терминдердің әдеби-публицистикалық, ауызекі бейнелі баламаларын ғылыми атау ретінде ұсынушылығы, олардың экспрессивті (сезімге әсер етушілік) мәнін ажырата алмаушылығы. Оның салдарынан адамзат баласының ортақ итілігі – ғылым мен техниканың үлгісі ретінде

тіршілігімізге табиғи жолмен келіп, санамызға сіңіскен территория, статус, Конституция, паспорт, амнистия, архив, музей т.б. терминдерді аумақ, мәртебе, Ата заң, төлқұжат, рақымшылдық, мұрағат, мұражай бейнелі сөздермен ауыстырмақ болады», – дейді М.Ізімұлы [17]. Ол терминологиялық сөздіктерде стильдердің қолданылуында қателіктерді жіберуге болмайтындығын айтады, әрбір терминнің өз қолданылу шеңбері бар. Ал стильдік қолданыста қателік жіберу заң терминінің сапалы аударылуына кедергі келтіреді. «Өзгелерден мәні ажыратылып, сипаттамасы дараланған ұғымның, заттың өзіне телінген, өзіндік этимологиясы бар бір ғана атауы болуға тиіс. Тілдің ішкі мүмкіндіктерін пайдаланып, кірме сөздерді төл баламалармен ауыстырған кезде осы қағиданы басшылыққа алу, «сыбайлас» сөздерді топтастыра қарау, терминдердің синонимдік қатарының жарыспалы, тұрақсыз атаулардың пайда болуына жол бермес еді. Мысалы, постановление – қаулы, резолюция – қарар, решение – шешім, определение – ұйғарым, устав – жарғы, указ – жарлық, положение – ереже, правила – қағида, инструкция – нұсқау, распоряжение – өкім, ... т.б», – дейді М.Ізімұлы [17]. Ал бұл тұста аудармашымен келіспеуге болмайды.

Салалық терминологияны жүйелеу мен үйлестіруде негізгі рөлді екі тілді терминологиялық сөздіктер атқарады. Қазіргі уақытта республикада түрлі салаларға қатысты терминологиялық сөздіктер шығару жұмысы айтарлықтай жүзеге асырылып жатыр. Сондықтан бүгінгі күні сөздіктердің сапалы түрде құрастырылуына, соның ішінде заңға қатысты сөздіктердің жасалуына негізгі назар аударылуда. Басқа ғылым салаларымен салыстырғанда, заңға қатысты жарияланған сөздіктер саны онның үстінде (салыстыра қарасақ, С.С.Исакованың айтуы бойынша, психологиядан қазақ тіліндегі екі ғана психологиялық сөздік бар). Бұл – қуанарлық жайт, себебі құқықтық мемлекетте азаматтар үнемі отбасылық, еңбектік, құқықтық, қоғамдық қарым-қатынастармен тығыз байланыста болады. Ал бұл өз кезегінде арнайы заңгерлік білімі жоқ азаматтардан заң терминдерін білуді қажет етеді. Кәсіби лексиканы білу азаматтарға конституцияның, ҚР кодекстері мен қажетті заң ақпараттарын алуға мүмкіндік туғызады. Бұл тұрғыдан сөздіктердің көмегі көп. Соған сәйкес, заң сөздіктеріне сұраныс та

үлкен. Сөздіктерді шығаруда жетістіктер бола тұрса да, заң терминдерін аударуда келіспеушіліктер, қателіктер кездесіп отырады. М.Қожанұлының пікірінше, қазіргі заң сөздіктерінің негізгі кемшіліктері мыналар: «біріншіден, заң терминдерінің сөздігін жасаудағы терминологиялық процестің бірізді еместігі, екіншіден, жекелеген сөздік шығарушы авторлар мен тіл мамандары арасында шығармашылық байланыстың жоқтығы, үшіншіден, заңгерлердің мемлекеттік терминкомды мойындамауы» [18, 32].

Заңгер заң терминдерін аударуда ғалымдар арасында бірізділік жоқ екендігіне көптеп мысалдар келтіреді. Мысалы, А.Ибраеваның «Заң терминдерінің қазақша–орысша және орысша–қазақша сөздігінен» мынадай мысалдар алған: «Акты гражданского состояния – азаматтық хал актілері, вознаграждение – сыйақы, гарантии законности – заңдылықтың кепілдіктері (дұрысы: заңдылық кепілдері), злоупотребление – қиянат жасау, ответственность – жауаптылық, подлинность текста закона – заң мәтінінің түпнұсқада сәйкестігі (дұрысы: заң мәтінінің түпнұсқалығы), урок, пример – тағылым (дұрысы: сабақ, үлгі)». Ал, Ғ.Сапарғалиевтің «Заң терминдерінің түсіндірме сөздігінде»: «Авторские вознаграждения – авторлық каламақы (дұрысы: авторлық сыйақы), административный арест – әкімшілік жолмен қамауға алу (дұрысы: әкімшілік қамауға алу), акт гражданского состояния – азаматтық хал құжаты».

М.Қожанұлының айтуынша, бұл жағдай терминдердің көпварианттылығына әкеп соғады, ал бұған жол беруге болмайды. Әрине, біз автормен келісеміз, себебі терминдер заңдарды, кодекстерді, заң құжаттарының жобаларын аударуда белсенді түрде қолданылады. Қазақ тіліндегі заңдарды ҚР азаматтары пайдаланады. Ал бұл, яғни нақты заң терминін қолданбау халықтың заңи тұрғыдан сауатсыздығына әкеледі.

Тоқетерінекелгенде, заңтерминологиясын жақсартуда, жетілдіруде проблемалар жоқ емес, бар. Бұл салада қазір бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тіл комитеті, Үкімет қаулысымен құрылған Мемлекеттік терминология комиссиясы, Парламентте терминдерді бір ізге түсіру, дұрыс баламасын қолдану тұрғысында әр түрлі семинарлар, «дөңгелек үстел» өткізіліп, нақты ұсынымдар

жасалып, Тілді дамыту бағдарламасы аясында нақтылы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл заңгерлердің заң терминдерін жетілдіру мен кемшіліктерді жою жұмыстарымен үнемі айналысып отыратындарын айқын көрсетеді.

Сондықтан да ғалымдардың алдында өте салмақты міндет, яғни заң терминологиясын жүйелеу мен байыту мәселесі тұр. Тілдің сауатты терминологиялық жүйесін құру үшін терминтанушы-ғалымдардан ана тілін терең тану, үлкен шеберлік және терминдерді жасау принциптерін білу талап етіледі.

Нәтижелер. Заң мәтіндеріне қойылатын бірінші талап барлық басқа терминдер сияқты экспрессивтілік мағынаның болмауы. Экспрессивтілік мағынаның болмауы барлық заң мәтіндерін басқа қарапайым мәтін түрлерінен ажырататын ерекшелік. Мұндай мағына болған жағдайда мәтін заң табиғатын дұрыс бере алмаған болар еді. Заң мәтінінде берілетін ой мазмұны бір қалыпты, бейтарап стильмен берілуі тиіс.

Құқық мәтіндерінің тағы бір ерекшелігі сөйлемдердің бір-бірімен байланыста болуы мен ой мазмұнының бірізді динамикалы түрде тізбектеле өрбуі. Бұл, негізінен, тек заң мәтіндерінде ғана емес, барлық мәтін түрлеріне қойылатын талап. Әйтсе де, заң мәтіндерінде бұл талап ерекше ескеріліп, орындалуы тиіс. Сондай-ақ заң жобаларын жазу үстінде ойдың үзіліп қалуы немесе кездейсоқ ұмытылып кетуі қатаң түрде, үзілді-кесілді жіберуге болмайтын қателік. Өйткені ондай қателікті басқа мәтіндермен салыстырғанда, заң мәтіні маңызды құжат ретінде мүлдем көтере алмайды. Бұл заң жобаларын дайындау барысында міндетті түрде орындалуға тиісті талап.

Заң мәтініне құқықтық құжат болғаннан кейін қойылатын тағы бір негізгі талап ойдың дәлділігі мен нақтылығы. Яғни адам құқықтары заңда дәл берілуі керек. Бұл тұрғыдан, заңның адам құқықтарын түсіндіріп беретін, олардың қылмысқа баруы мүмкін іс-әрекеттерін реттеушілік қызметі басым екендігін негізге алудың өзі жеткілікті. Әсіресе қылмыс түрлеріне сәйкес, жаза түрлері түсіндірілгенде жаза белгілеудің қылмысқа қатысты шарты анық болуға тиіс.

Дәлдік заң мәтіндерінің басқаша ұғынылуына жол бермейді. Ол арнайы терминдерден және термин емес сөздердің мағыналық тұрақтылығы мен нақтылығынан көрінеді. Терминдер көбінесе мынадай ұғымдарды білдіреді: а) құжаттардың атын:

қаулы, хабарландыру, хаттама, анықтама, т.б.; ә) жеке тұлғаның кәсібін, тұрмыс жағдайын, атқаратын қызметін, әлеуметтік дәрежесін білдіретін атаулар: сот, тергеуші, куәгер, директор, оқытушы, қорғаушы, айыпталушы, талапкер, студент, оқушы, азамат, т.б. б) іс жүргізу қызметтерін: жауап алу, сараптау, тергеу, тінту, т.б. Дәлдікке ұмтылу синонимдік қатардың қолданылу мүмкіндігін шектейді, өйткені олар кейде мағыналық реңктердің өзгеруіне әкеп соқтырады. Сондықтан бір сөздің, әсіресе арнайы терминдердің жиі қайталануы іскерлік қатынасқа тән ерекшелік болып табылады. Құқықтық нормалар тұжырымдарының дәлдігі мен оларды түсінудің абсолютті бірізділігі – заң мәтіндерінің мұраты. Ол заңның реттеуші қызметінің еш кедергісіз орындалуына мүмкіндік береді. Керісінше, бұл тұжырымдардың көмескілігі, әртүрлі түсінуге жол берілуі оның беріктігі мен беделін төмендетеді. Мұның нақты мысалын «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңның кейбір баптарынан кездестіруге болады. Мысалы:

9-бап. Мемлекеттік органдар актілерінің тілі

Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін.

10-бап. Құжаттама жүргізу тілі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінде меншік нысанына қарамастан, статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етіледі.

Бұдан, 9-баптағы кейбір тілдік құралдардың дұрыс қолданылмауынан көптеген қайшылықтарды көруге болады. Мәселен, аталмыш бапта «қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып» деген көсемшелі оралым бар, алайда оның қандай қажеттілік жағдай екені анық көрсетілмеген және мүмкіндік деңгейінің шегі де белгісіз, сондай-ақ, басқа тілдердің қандай тілдер екені нақтыланбаған. Егер әлемде бес мың тіл екені рас болса, сол тілдердің барлығына аудару қажет пе?

Ал 10-баптағы тілдік қолданыс кейбіреулерді «құжаттама жүргізу тілі екі тілде де (мемлекеттік және орыс тілінде) қатар

болуы міндетті», - деген түсінікке жетелесе, енді біреулеріне «екеуінің бірінде (мемлекеттік тіл немесе орыс тілі) болса жеткілікті», - деген ұғымға жол береді, ал үшіншілері «құжаттама жүргізу тілі тек мемлекеттік тілде ғана жүргізіледі де, қажеттілік болған жағдайда ғана орыс тіліне аударылады», - деп түсіндіреді.

Біз бұл мысалдардан заң мәтіндеріне қойылатын талаптардың өрескел бұзылғанын көреміз. «Мүмкіндігінше», «мүмкін» деген сөздердің өзі екіұштылық реңкті білдіреді. Ал ол өз кезегінде экспрессивтілікті туғызады. Заң мәтіндерінде экспрессивтіліктің қандай да элементтері болған жағдайда заң бұрмалауға икемді болады.

Сондай-ақ, заң тілі міндеттеу, мәжбүрлеу қызметін де атқарады. Қатынастың бұл түрінде ерікті білдірудің тілдік тәсілдері мен құқықтың реттеуіштік функциясының жүзеге асырылуы – ресми-іскерлік стильдің маңызды қасиеттерінің бірі. Императивтілік пен бұйрық-міндеттілік мағына да бұл салада қолданылатын кез келген тілдік бірліктерге тән сипат болып табылады.

Ресми құжаттардың тұжырымдылығы мен айқындылығы, нормалануы мен стандартталуы да міндетті. Аталмыш стильде сөйлеу құралдары жиі қайталануы мен біркелкілігімен сипатталады, ол сонысымен тілдік шаблондардың қолданылуының құнарлы ортасына айналады. Шаблондар мен стандарттар – ресми стильдерге тән сипат. Олар ресми сөйлеу тақырыптарының қатаң белгіленуіне, шектеулілігіне, оның қолданылуының салыстырмалы түрде мардымсыздығы мен біртектестілігіне байланысты туындайды. Шаблондар мен стандарттар атауы, формасы мен мазмұны бойынша ұқсас құжаттарды рәсімдеуде жиі қолданылады. «Шаблон» ресми-іскерлік құжаттарда тіл мәдениетінің жауы ретінде емес, керісінше «қажетті» элемент ретінде қабылданады. Өйткені ол ойды анығырақ, қысқарақ, тіпті, кейде жалпыға түсініктірек етіп жеткізуге көмектеседі. Сондай-ақ, стандарттар іскерлік қатынасты жеделдету мен жеңілдетуге мүмкіндік береді. Демек, «кеңселік штамп» ресми-іскерлік стильдің толық меншігі мен қажетті белгісі болып табылады. Мұны біз кеңсе құжаттарында жиі кездесетін төмендегі түрлі оралымдардан көреміз: *заңға сәйкес, белгіленген тәртіппен, міндеттелсін, орындалсын, тиісті шара қолданылсын, тиісті органдарға ескертілсін,*

мерзімнің аяқталуына байланысты, заң талаптарына сәйкес, т.б.

Сондай-ақ, ресми-іскерлік стильдің дербестігі оның коммуникативтілік қырынан көрінеді. Оны негізгі екі түрге, жанрға бөлуге болады: «заң тілі» мен «іскерлік қағаздар тілі». Заң тілі көлемді коммуникативтік белсенділікке ие емес, ол бұқаралық қатынастың тұрақты құралы бола алмайды: адамдар заңдарды орындағанымен, оларды өте сирек оқиды. Әдетте, заң тілін салыстырмалы түрде қоғамның аз бөлігі ғана тұрақты қолданады. Оның үстіне, заң тілі коммуникативті тұрғыдан біржақты: ол қатынас тілі емес, хабарлау тілі. Оны қабылдайды, түсінеді, алайда өте сирек қолданады және ол тілде сөйлемейді.

Іскерлік қағаздар тілі (бұйрықтар, қаулылар, өтініштер, т.б.) бұқаралық қолданыс пен коммуникативті белсенділікке ие, адамдар одан ақпарат алып қана қоймай, онымен шын мәнінде қатынас жасайды. Алайда, бұл қатынас жекелеген «лауазымдардың қатынасына» ғана бағытталған және ол қатаң реттеліп, программаланған. Адамдарға сөйлеу мәтіндерінің үлкен бөлігі сырттан беріледі, ал қалған бөлігі алдын ала болжамның мөлшерлі баламасына бағынады.

Ресми стильге жататын мемлекеттік құжаттар жанр және мазмұн жағынан әр түрлі болып келгенімен, олардың барлығына ортақ жалпы сипаты болады: 1) белгілі бір қалыптасқан үлгіде, баяндау тәсілімен жазылады; 2) лексика-фразеологияның құрамы (саяси-публицистикалық сипатта, әкімшілік терминдер мен күрделі терминдер, қысқарған сөздер) өзгеше болып келеді; 3) ойдың логикалық жүйелілігін сақтау мақсатымен сөйлем күрделі құрылады [19, 32]. Қағаздар стилінің белгілері байқалатын, осы стильде жазылған әдебиеттер төмендегідей: елшілік (дипломатиялық) сипаттағы құжаттар, заңдық құжаттар, құқықтық құжаттар, әкімшілік-кеңселік құжаттар. Олардың өзі де жанрлық дифференциацияға ие: нота, конвенция, халықаралық келісім, арыз, өтініш, заң, жарғы, қаулы, протокол, баяндама және т.б.» [4, 195].

«Жанрдың жоғарыда келтірілген ерекшеліктерінің бірі – мәтіндегі мағыналық бірліктердің қолданылуы мен орналасуының құжат мазмұнына тікелей тәуелді болуы. Мысалы, *бұйрықтардың, қаулы, ереже, нұсқаулардың тақырыптары туралы, жөнінде, жайында* т.б. шылаулармен келетін сөз

тіркестерінен тұрады. Яғни бұл құжаттардың тақырыбында міндетті түрде құжат мәтінінде айтылатын мәселенің не жайлы екендігінен қысқа, нақты мәлімет беріліп тұрады. Сондай-ақ өкілеттік құжаттарға жататын жанр мәтіндерінде негізінен бұйрық рай формалы етістіктер қолданылады» [14, 87].

Заң құжаттарының құқықтық және техникалық сапасын арттыру оларды жасайтын және қабылдайтын тұлғалардың, ең алдымен, депутаттардың тиісті білім деңгейін арттырмайынша іске аспайды. Өйткені олар қабылдаған заңдар қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу жүйесінде жетекші орынға ие және заңға тәуелді актілерді қабылдаудың үлгілері болып табылады.

Зерттеу мақаласын жазу барысында алынған барлық нәтижелерді қорытындылай келе, құқықтық терминологияны біріздендірудің біздің еліміздегі заң шығару қызметінің процестерінің прогрессивті дамуы, құқықтық нормалардың тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруы үшін маңызы зор деген қорытынды жасауға болады. Әрине, бұл зерттеуде нормативтік құқықтық терминологияны біріздендіруге байланысты барлық мәселелер жеткілікті түрде көрсетілді деген сөз емес. Ұсынылып отырған жұмыс тек осы саладағы кейінгі ізденістердің алғышарттарын жасайды, өйткені тіл мен құқық мәселелері шын мәнінде мәңгілік және құқықтану және заң тәжірибесі үшін әрқашан өзекті.

Қорытынды. Кез келген бағыттағы зерттеу жұмысы үшін тіл бірліктерінің жүйелілігі, олардың функционалдық-

мағыналық қатынасының өзара байланыс желісінің, сыртқы құрылымы мен ішкі мазмұнының, функционалдық қызметінің бірлігі мен диалектикасының, тілдің қоғамдық қызметінің, тілдік таңба мен оны қабылдаушы арасындағы байланыстан, қарым-қатынастан көрінетіндігі жайлы қағидалардың маңызы зор. Тіл білімінде тілдік бірліктердің жүйелілігі, олардың бір-бірімен байланысы тек тілге ғана тән функционалдық-мағыналық қарым-қатынас нәтижесінен туындайды.

Кез келген мәтінді таңбаның таңбаланушы нысанға қатынасы, таңбалардың өзара қатынасы, таңбалардың оны қабылдаушыға қатынасы тұрғысынан жіктеп қарастырудың маңызы зор. Бұл үшеуі, әрине, бір-бірімен өзара тығыз байланыста екені даусыз. Себебі, үш саланың да нысаны – тілдік таңба, әрқайсысы тілдік таңбаның түрлі қатынасын зерттейді.

Тұжырымдай келе, ресми-іскери стиль тілді өзінің заңды болмысында зерттейтін, қолданбалы зерттеулердің саласы ретінде іргелі лингвистикаға жаңа міндеттер қоятындығын, олардың шешімі лингвистикалық және құқықтық білімнің өсуіне, тіл дамудың әлеуметтік дамудағы рөлін түсінуге, сайып келгенде үйлесуге ықпал ететіндігін атап өтеміз. Заң адамзат өмірінің бір бөлігі болып табылады. Құқық тілін аса мемлекеттік маңызы үлкен міндеттердің шеңберінде толықтыра отырып дамытудың келелі мақсаты – ұлттық терминдік қорымызды байыту, балама ұғымды, атауларды, тұрақты тіркестік терминдер мен сөз орамдарын ұлттық заң тіліне қойылатын талап үдесіне сай қолдануға мейлінше ден қою болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Дүйсембаев А. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің тілі. – Алматы: Ғылым, 2003.
2. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 2010..
3. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Триумф «Т», 2002.
4. Балақаев М, Жанпейісов Е, Томанов М, Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Дәуір, 1966.
5. Хасанова С. Қазақ тілі стилистикасы. – Алматы; РБК, 1999.
6. Виноградов В.В. Итоги обсуждения вопросов стилистики. – Москва: Наука, 1955.
7. Бондалетов В.Д. Социальная лингвистика. – Москва: Просвещение, 1987.
8. Абишева К.М. Политический социально-коммуникативный стиль как разновидности функциональный стилей современного русского литературного языка. – Москва: Наука, 2002.
9. Васильева А.Н. Курс лекций по стилистике русского языка. – Москва: Рус. яз., 1976.
10. Оразалинов С. Қазіргі кезеңдегі тіл саясаты және мемлекеттік тілді мемлекеттік органдарға енгізу проблемалары // Тіл және қоғам. – 2003. – № 1. – Б. 211.

11. Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151> (қаралған күні: 20.06.22).
12. Розенталь Д.Э. Практическая стилистика русского языка. – Москва: Рус. яз., 1977. – С. 419.
13. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.
14. Дүйсембекова Л. Қазақ ресми-іс қағаздары. –Алматы: Ана тілі, 2005.
15. Сафуани Е.С. Заңнама терминдерін жүйелеу мәселелері. // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. - 2018. – № 4 (53). – 155-158 б.
16. Айымбетов М. Құқық саласының терминдер сөздігі. – Астана: RedGreenBlue, 2009.
17. Ізімұлы, М. Заңи терминдердің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік, 2000.
18. Қожанұлы М. Қазақ әскери терминдері жайында // Терминологиялық хабаршы. - 2018. – № 2 (24). – 28-32 б.
19. Валгина Н. Н. Теория текста. – Москва: Мир книги, 1998.

References

1. Duisembaev A. Kazakstan Respublikasy Kylmystyk Kodeksinin tili [The language of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan] (Gylm, Almaty, 2003). [in Kazakh]
2. Syzdykova R. Kazak adebi tilinin tarihy [History of the Kazakh literary language] (Ana tili, Almaty, 2010).). [in Kazakh]
3. Smaglyova G. Matin lingvistikasy [Text Linguistics] (Triumf «Т», Almaty, 2002).). [in Kazakh]
4. Balakaev M., Zhanpeisov E., Tomanov M., Manasbaev B. Kazak tilinin stilistikasy [Stylistics of the Kazakh language] (Dauir, Almaty, 1966).). [in Kazakh]
5. Hasanova S. Kazak tili stilistikasy [Stylistics of the Kazakh language] (RBK, Almaty,1999).). [in Kazakh]
6. Vinogradov V.V. Itogi obsuzhdeniya voprosov stilistiki [Results of the discussion of stylistics issues] (Nauka, Moscow,1955). [in Russian]
7. Bondaletov V.D. Social'naya lingvistika [Social linguistics] (Prosveshchenie, Moscow,1987). [in Russian]
8. Abisheva K.M. Politicheskij social'no-kommunikativnyj stil' kak raznovidnosti funkcional'nyj stilej sovremennoego russkogo literaturnogo yazyka [Political Social and Communicative Style as a Variety of Functional Styles of the Modern Russian Literary Language] (Nauka, Moscow, 2002). [in Russian]
9. Vasil'eva A.N. Kurs lekcij po stilistike russkogo yazyka [A course of lectures on the stylistics of the Russian language] (Rus.yaz., Moscow, 1976). [in Russian]
10. Orazalinov S. Kazirgi kezendegi til sayasaty zhane memlekettik tildi memlekettik organdarga engizu problemalary [Language policy at the present stage and problems of introducing the state language into state bodies], Til zhane kogam [Language and society] 1, 211 (2003).). [in Kazakh]
11. Kazakstan Respublikasyndagy «Til turaly» Zany [The Law of the Republic of Kazakhstan «On Language»]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151> (assessed: 20.06.22).). [in Kazakh]
12. Rozental' D.E. Prakticheskaya stilistika russkogo yazyka [Practical stylistics of the Russian language] (Rus. yaz., Moscow, 1977). [in Russian]
13. Alkebaeva D. Kazak tilinin pragmastilistikasy [Pragmastilistics of the Kazakh language] (Kazak universiteti, Almaty, 2008).). [in Kazakh]
14. Duisembekova L. Kazak resmi-is kagazdary [Kazakh official office] (Ana tili, Almaty, 2005).). [in Kazakh]
15. Safuani E. S. Zannama terminderin zhuielau maseleleri [Problems of systematization of legal terms], Kazakstan Respublikasy Zannama institutynyn zharshysy [Bulletin of the Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan], 4 (53), 155-158 (2018).
16. Aiymbetov M. Kuyk salasynyn terminder sozdigi [Glossary of legal terms] (RedGreenBlue, Astana, 2009).). [in Kazakh]
17. Izimuly M. Zani terminderdin tusindirme sozdigi [Glossary of legal terms] (Almaty, Sozdik, 2000).). [in Kazakh]
18. Kozhanuly M. Kazak askeri terminderi zhaiynda [About Kazakh military terms], Terminologiyk habarshy [Terminological Messenger], 2 (24), 28-32 (2018).). [in Kazakh]
19. Valgina N. N. Teoriya teksta [Theory text] (Mir knigi, Moscow, 1998). [in Russian]

С.Ж. Жанжигитов, Б. Абдуалиулы

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Исследование юридических документов в аспекте стилистики

Аннотация. Время, когда про юридические тексты начали отдельно говорить в казахском языкознании и самостоятельно рассматриваться совпадает со временем становления и обретения казахским государством независимости. Поэтому изучение языка юридических документов, выявление их особенностей имеет большое значение, прежде всего, для законотворчества. В центре внимания законодательный орган должен сохранять языковую структуру законодательных документов и строго следить за тем, чтобы в них не было лишних слов.

Целью написания статьи является изучение особенностей перевода юридических текстов с русского на казахский язык, выявление допущенных недостатков в переводе правовых актов на государственный язык наряду с теоретическими вопросами перевода. В ходе написания статьи все требования официально-делового стиля были полностью найдены в тексте закона, проанализирована информационная, прагматическая, познавательная деятельность в структуре права. Это основная научная новизна статьи.

Данная статья имеет теоретическое и практическое значение, так как представленная концепция представляет собой ценную информацию для обучающихся юридического направления. Необходимо еще раз подчеркнуть, что для полного овладения профессией необходимо знать и правильно использовать лексические единицы, называемые специальными понятиями, то есть терминами.

Системный подход к изучению отраслевой терминологии, рассмотренный на примере терминологии права, приводит к оптимизации процесса обучения. Лексическое и понятийное соответствие терминов, их взаимосвязь и зависимость друг от друга позволяют рассматривать терминологию как целостную терминологическую систему, служащую своеобразной языковой основой системы специальных понятий. Это, в свою очередь, отражает последовательность научных знаний.

Были рассмотрены основные характеристики правовой терминологии, изучена и доказана системная структура. Систематический подход к изучению отраслевой терминологии, несомненно, позволит оптимизировать процесс обучения.

Ключевые слова: право, лексика, стиль, термин, терминология, законодательство, словарь, версия, перевод.

S.Zh. Zhanzhigitov, B. Abdualiuly

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Study of legal documents in the field of official business style

Abstract. The time when legal texts began to be discussed separately in the Kazakh linguistics and be studied independently coincides with the time of formation and gaining independence by the Kazakh state. Therefore, the study of the language of legal documents, identification of their features is of great importance, first of all, for lawmaking. The legislative body should keep the linguistic structure of legislative documents in the center of attention and strictly ensure that they contain no unnecessary words.

The purpose of the article is to study the peculiarities of translating legal texts from Russian into Kazakh, to identify the shortcomings in the translation of legal acts into the state language along with theoretical translation issues. During the writing of the article, all the requirements of the official business style were fully found in the text of the law, as well as informative, pragmatic and cognitive activity in the structure of law was analyzed. This is the major scientific novelty of the article.

This article has theoretical and practical significance, since the presented concept is valuable information for students of the legal field. It is necessary to emphasize once again that in order to fully master the profession, it is necessary to know and correctly use lexical units called special concepts, i.e., terms.

A systematic approach to the study of industry terminology, considered on the example of legal terminology, leads to the optimization of the learning process. Lexical and conceptual correspondence of

terms, their interrelation and dependence on each other allow us to consider terminology as an integral terminological system that serves as a kind of linguistic basis for a system of special concepts. This, in turn, reflects the consistency of scientific knowledge.

The main characteristics of legal terminology were considered, the system structure was studied and proved. A systematic approach to the study of industry terminology will undoubtedly optimize the learning process.

Keywords: law, vocabulary, style, term, terminology, legislation, dictionary, version, translation.

Авторлар туралы мәлімет:

Жанжигитов С.Ж. – филология факультетінің докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Zhanzhigitov S. Zh. – Ph.D. student of the Faculty of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Әбдуәлиұлы Б. – ф.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Abdulaliuly B. – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.